

"Шанхай ынтымақтастық ұйымының артықшылықтары мен иммунитеттері туралы конвенцияны бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 13 тамыздағы N 838 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Шанхай ынтымақтастық ұйымының артықшылықтары мен иммунитеттері туралы конвенцияны бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

*Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң*

міндетін атқарушы
жоба

Қазақстан Республикасының Заңы Шанхай ынтымақтастық ұйымының артықшылықтары мен иммунитеттері туралы конвенцияны бекіту туралы

2004 жылғы 17 маусымда Ташкент қаласында жасалған Шанхай ынтымақтастық ұйымының артықшылықтары мен иммунитеттері туралы конвенция бекітілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

**ШАНХАЙ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ҰЙЫМЫНЫҢ
АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ МЕН ИММУНИТЕТТЕРІ ТУРАЛЫ
КОНВЕНЦИЯ**

Шанхай ынтымақтастық ұйымының мүше мемлекеттері (бұдан әрі Тараптар деп аталады) ,

халықаралық құқықтың жалпы көпшілік таныған принциптері мен нормаларын басшылыққа ала отырып ,

Шанхай ынтымақтастық ұйымының 2002 жылғы 7 маусымдағы Хартиясының 19-бабының қағидаларын негізге ала отырып ,
төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Осы Конвенцияның мақсаттары үшін төменде көрсетілген анықтамалар мыналарды білдіреді :

1) " **Хартия** " - Шанхай ынтымақтастық ұйымының 2002 жылғы 7 маусымдағы Хартиясы ;

2) " **ШЫҰ** " немесе " **Ұйым** " - Шанхай ынтымақтастық ұйымы;

3) " **мүше мемлекет** " - ШЫҰ-ның мүше мемлекеті;

4) " **өкілдік орналасқан мемлекет** " - аумағында тұрақты жұмыс істейтін ШЫҰ органының штаб-пәтері немесе оның бөлімшесі орналасқан мүше мемлекет;

5) " **ШЫҰ-ның тұрақты жұмыс істейтін органдары** " - ШЫҰ-ның Хатшылығы мен ШЫҰ - ның А А Т Қ ;

6) " **Хатшылық** " - ШЫҰ-ның тұрақты жұмыс істейтін әкімшілік органы болып табылатын ШЫҰ Хатшылығы ;

7) " **ААТҚ** " - ШЫҰ-ның тұрақты жұмыс істейтін органы болып табылатын ШЫҰ-ның Аймақтық антитеррорлық құрылымы;

8) " **ААТҚ кеңесі** " - ААТҚ органы;

9) " **Атқарушы комитет** " - ААТҚ органы;

10) " **Атқарушы хатшы** " - ШЫҰ-ның Атқарушы хатшысы;

11) " **Директор** " - ААТҚ-ның Атқару комитетінің директоры;

12) " **лауазымды тұлғалар** " - ШЫҰ-ның тұрақты жұмыс істейтін органдарына жұмыс істеу үшін Тараптар жіберетін және тиісті штаттық қызметке тағайындалған тұлғалар ;

13) " **тұрақты өкіл** " - мүше мемлекеттің ШЫҰ Хатшылығы жанындағы тұрақты өкілі ;

14) " **мүше мемлекеттердің өкілдері** " - Ұйымның шеңберінде өткізілетін мәжілістерге және іс-шараларға мүше мемлекеттер жіберетін делегациялар басшылары, олардың орынбасарлары, делегаттар, кеңесшілер, техникалық сарапшылар және делегациялардың хатшылары ;

15) " **Ұйым істері бойынша іссапардағы сарапшылар** " - ШЫҰ-ның лауазымды тұлғаларына қарағанда өзгеше тапсырмаларды орындайтын сарапшылар;

16) " **отбасы мүшелері** " - жұбайы (зайыбы) және олармен бірге тұратын 18 жасқа дейінгі балалары ;

17) " **үй-жай** " - осы ғимаратқа немесе ғимараттың бір бөлігіне қызмет ететін жер учаскесін қоса алғанда, ғимараттарға деген меншік құқығының нысанына және тиесілігіне қарамастан ресми пайдалануға арналған ШЫҰ-ның тұрақты түрде жұмыс істейтін органдарының ғимараты немесе ғимаратының бір бөлігі.

I. Шанхай ынтымақтастық ұйымының артықшылықтары мен иммунитеттері

2-бап

1. ШЫҰ-ның халықаралық құқықтық қабілеті бар. Ол өзінің мақсаттары мен міндеттерін іске асыру үшін қажетті осындай құқықтық қабілетін әрбір мүше мемлекеттің аумағында пайдаланады.

2. ШЫҰ заңды тұлғаның құқықтарын пайдаланады және атап айтқанда:

- ш а р т т а р ж а с а с а а л а д ы ;
- жылжымалы және жылжымайтын мүлікті сатып ала алады, жалға ала алады, иеліктен ала алады және оларға билік жүргізе алады;
- банктік шоттар аша алады және кез келген валютада ақшалай қаражатпен операция ж а с а й а л а д ы ;
- соттарда талапкер немесе жауапкер сипатында шыға алады;

3. Осы бапта көзделген құқықтарды Хатшылықтың және Атқарушы комитеттің атынан тиісінше Атқарушы хатшы және Директор жүзеге асырады.

3-бап

1. ШЫҰ, оның мүлкі және активтері, Ұйым өзі иммунитеттен бас тартатын жағдайларды есептемегенде, әкімшілік немесе соттық араласудың кез келген нысанынан иммунитетті пайдаланады. Иммунитеттен қандай да бір бас тарту соттық-атқарушылық шараларға қолданылмайды.

2. ШЫҰ-ның тұрақты жұмыс істейтін органдарының үй-жайы және көлік құралдары, сондай-ақ олардың мұрағаты мен құжаттары, оның ішінде қызметтік хат-хабарлары, олардың орналасқан орындарына қарамастан, тінтуден, реквизициядан, тәркілеуден, тыйым салудан және басқа да атқарушылық іс-әрекеттерден иммунитетті п а й д а л а н а д ы .

3. Өкілдік орналасқан мемлекеттің тиісті билік және басқару органдарының өкілдері Атқарушы хатшының немесе Директордың не оларды алмастыратын лауазымды адамдардың келісімі болмаса және олар мақұлдаған шарттармен болмаса ШЫҰ-ның тұрақты жұмыс істейтін органдарының үй-жайларына кіре алмайды.

4. Өкілдік орналасқан мемлекеттің тиісті билік және басқару органдарының шешімдері бойынша ШЫҰ-ның тұрақты жұмыс істейтін органдарының үй-жайларында кез келген іс-әрекетті орындау Атқарушы хатшының немесе Директордың не оларды алмастыратын лауазымды адамдардың келісімімен ғана орын алуы мүмкін.

5. ШЫҰ-ның тұрақты жұмыс істейтін органдарының үй-жайлары және көлік құралдары мүше мемлекеттердің кез келгенінің заңы бойынша қудалауда жүрген немесе мүше мемлекеттердің кез келгеніне не үшінші мемлекетке тапсырылуға тиіс адамдар үшін пана қызметін атқара алмайды.

6. ШЫҰ-ның тұрақты жұмыс істейтін органдарының үй-жайлары және көлік

құралдары ШЫҰ-ның функциялары мен міндеттеріне сәйкес келмейтін немесе Тараптардың қауіпсіздігі мен мүдделеріне нұқсан келтіретін мақсаттарда п а й д а л а н ы л м а й д ы .

7. Өкілдік орналасқан мемлекет ШЫҰ-ның тұрақты жұмыс істейтін органдарының ұй-жайларын кез келген басып кіруден немесе нұқсан келтіруден қорғау үшін тиісті ш а р а л а р қ а б ы л д а й д ы .

8. ШЫҰ-ға мүше мемлекеттер басшыларының кеңесі Ұйымның атынан ШЫҰ берген артықшылықтар мен иммунитеттерден анық білдірілген нысанда бас тартуы мүмкін.

4-бап

ШЫҰ, оның активтері, кірістері мен басқа да меншігі:

- қызмет көрсетудің (көрсетілген қызметтің) нақты түрлері үшін төлем болып табылатындарды қоспағанда, мүше мемлекеттердің аумақтарында өндіріліп алынатын барлық тікелей салықтар мен алымдардан, қосымша құн салығынан (оның ішінде тиісті мүше мемлекеттің нормативтік-құқықтық актілеріне сәйкес қайтарым нысаны түрінен) б о с а т ы л а д ы ;

- Ұйым қызмет бабында пайдалануға арналған заттарды әкелу және әкету кезінде кедендік алымдардан және басқа да төлемдерден импорттық және экспорттық тыйым салулар мен шектеулерден босатылады. Жалпы ережелерден ерекшелігі бар сипатта әкелінетін заттар, олар аумағына әкелінетін мүше мемлекетте, осы мүше мемлекет үкіметімен келісілген шарттармен болмаса, сатылмайтын болады;

- жеке меншік басылымдарын әкелу және әкету кезінде кедендік алымдардан және басқа да төлемдерден, импорттық және экспорттық тыйым салулар мен шектеулерден босатылады.

5-бап

1. ШЫҰ өзінің ресми байланыс құралдары үшін әрбір мүше мемлекеттің аумағында осы мемлекет шетелдік мемлекеттердің дипломатиялық миссияларына жасайтынынан кем емес қолайлы жағдайларды пайдаланатын болады.

2. ШЫҰ ақпаратты берудің құпиялылығын қамтамасыз ететін шифрлық, курьерлік және байланыстың басқа да түрлерін пайдалануға дипломатиялық курьерлер мен вализдер сияқты тап сондай артықшылықтар мен иммунитеттерді пайдаланатын курьерлер немесе вализдер арқылы хат-хабарларды алуға және жөнелтуге құқылы.

3. Қызметтік хат-хабарларды құрайтын барлық орындар олардың сипатын көрсетіп тұратын, көзге түсетіндей сыртқы белгілерден, орнын ауыстыру құпиялылық режимін сақтауды талап ететін ресми пайдалануға арналған қызметтік хат-хабарлар мен з а т т а р д а н т ұ р у ы т и і с .

4. Курьер оның мәртебесі мен қызметтік хат-хабарларды құрайтын орындар саны көрсетілген ресми құжатпен жабдықталуы тиіс.

6-бап

ШЫҰ өзі орналасқан үй-жайларда және ресми мақсаттарға пайдаланылатын көлік құралдарында Ұйымның жалауын, эмблемасын және басқа да рәміздерін орналастыруы мүмкін.

7-бап

Ұйым өзінің мақсаттары мен функцияларына сәйкес баспасөз өнімдерін шығаруы және таратуы мүмкін.

8-бап

Мүше мемлекеттер ШЫҰ-ға өзінің функцияларын жүзеге асыру үшін қажетті үй-жайларды алуда жәрдем көрсетеді.

9-бап

ШЫҰ сот әділдігінің тиісті түрде атқарылуын және құқық қорғау органдарының нұсқамаларын орындауды қамтамасыз ету, сондай-ақ осы Конвенцияда көзделген артықшылықтар мен иммунитеттерге байланысты кез келген теріс пайдаланушылықтың алдын алу мақсатында мүше мемлекеттердің тиісті билік және басқару органдарымен ынтымақтастықты жүзеге асырады.

II. Лауазымды тұлғалардың артықшылықтары мен иммунитеттері

10-бап

1. ШЫҰ-ның тұрақты жұмыс істейтін органдарының лауазымды тұлғалары халықаралық қызметкерлер болып табылады.

2. Қызмет бабындағы міндеттерін орындау кезінде олар қандай да болсын мүше мемлекеттен және/немесе үкіметтен, ұйымнан немесе жеке адамнан нұсқау сұратуға немесе алуға тиісті емес.

3. Әрбір Тарап лауазымды тұлғалар функцияларының халықаралық сипатын бұлжытпай құрметтеуге және олар қызметтік міндеттерін орындау кезінде оларға ықпал жасамауға міндеттенеді.

11-бап

Лауазымды тұлғалар мүше мемлекеттердің аумақтарында:

1) лауазымды тұлғалар ретінде айтқаны немесе жазғаны және барлық жасаған іс әрекеттері үшін :

- Ұйымға немесе лауазымды тұлғаға тиесілі не ол басқарған көлік құралдарынан туындаған жол-көлік оқиғасына байланысты зиянның орнын толтыру туралы талап арызды ;

- лауазымды тұлға тарапынан жасалған іс-әрекеттен туындаған кісі өліміне немесе дене жарақатына байланысы зиянның орнын толтыру туралы талап арызды есептемегенде қылмыстық, азаматтық және әкімшілік жауапкершілікке тартылмайды.

2) жалақысына және Ұйым төлейтін өзге де сыйақыларына байланысты салықтардан босатылады ;

3) мемлекеттік міндеттіліктен босатылады ;

4) отбасы мүшелерімен бірге шетелдіктер ретінде иммиграция жөніндегі шектеулерден және тіркеулерден босатылады ;

5) валюталық операциялар саласында мүше мемлекеттер аумақтарында дипломатиялық агенттерге берілетініндей тап сондай артықшылықтарды пайдаланады ;

6) отбасы мүшелерімен бірге халықаралық дағдарыстар кезінде репатриацияға қатысты дипломатиялық агенттер пайдаланатынындай тап сондай жеңілдіктерді пайдаланады ;

7) қызметке бастапқы тағайындалған кезінде және келісім-шарттың тоқтатылуына байланысты өкілдік орналасқан мемлекеттен кеткен кезінде, қызмет көрсетудің (көрсетілген қызметтің) нақты түрлеріне төлем болып табылатындарды есептемегенде, өкілдік орналасқан мемлекеттің нормативтік-құқықтық актілеріне сәйкес жеке тұтынуына арналған автокөлік құралын қоса алғанда, кедендік баждарды, салықтарды және алымдарды төлеместен мүлікті әкелуге/әкетуге құқылы.

12-бап

Осы Конвенцияның 11-бабында бекітілген артықшылықтармен және иммунитеттермен қатар, Атқарушы хатшы Директор және олардың орынбасарлары, сондай-ақ олардың отбасы мүшелері халықаралық құқыққа сәйкес дипломатиялық агенттерге және олардың отбасы мүшелеріне берілетін басқа да артықшылықтар мен иммунитеттерді пайдаланады.

13-бап

Лауазымды тұлғалардың жеке басының пайдасы немесе өзге адамдардың пайдасы мүдделерінде коммерциялық немесе кез келген басқа қызметпен айналысуға құқығы жоқ.

14-бап

1. Лауазымды тұлғалар және олардың отбасы мүшелері тағайындалған орнына жол жүру кезінде өкілдік орналасқан мемлекеттің аумағына келген сәттен бастап, егер олар бұрын осы аумақта жүрген болса, лауазымды тұлғалар өзінің міндеттерін орындауға кіріскен сәттен бастап осы Конвенцияда көзделген артықшылықтар мен иммунитеттерді пайдаланады.

2. Лауазымды тұлға функциясын тоқтатқан кезде оның артықшылықтары мен иммунитеттері, сондай-ақ өкілдік орналасқан мемлекеттің азаматтары болып табылмайтын оның отбасы мүшелерінің артықшылықтары мен иммунитеттері осы тұлға өкілдік орналасқан мемлекетті тастап шыққан кезден бастап немесе мұны істеу үшін ақылға қонымды мерзім өтісімен тоқтатылады. Отбасы мүшелерінің артықшылықтары мен иммунитеттері олар осындай сипатта болуын тоқтатқан уақытта тоқтатылады, алайда егер мұндай адамдар ақылға қонымды мерзім ішінде өкілдік орналасқан мемлекетті тастап шығуға ниет білдірсе, онда олардың артықшылықтары мен иммунитеттері олар кеткен сәтке дейін сақталады.

3. Лауазымды тұлға қайтыс болған жағдайда оның отбасы мүшелері оларға берілген артықшылықтар мен иммунитеттерді олар өкілдік орналасқан мемлекетті тастап шыққан сәтке дейін немесе өкілдік орналасқан мемлекетті тастап шығатындай ақылға қонымды мерзім өткенге дейін пайдалануын жалғастырады.

15-бап

1. Лауазымды тұлғалар пайдаланатын артықшылықтар мен иммунитеттер олардың жеке бас пайдасы үшін емес, Ұйымның мүдделері жолында өздерінің ресми функцияларын тиімді, тәуелсіз атқару үшін беріледі.

2. Атқарушы хатшыға қатысты иммунитеттен бас тарту құқығы ШЫҰ-ға мүше мемлекеттердің Сыртқы істер министрлері кеңесінің ұсынуы бойынша ШЫҰ-ға мүше мемлекеттер Басшыларының кеңесіне тиесілі.

3. Директор мен оның орынбасарларына қатысты иммунитеттен бас тарту құқығы ААТҚ кеңесінің ұсынуы бойынша ШЫҰ-ға мүше мемлекеттер Басшыларының кеңесіне тиесілі.

4. Атқарушы хатшының орынбасарларына қатысты иммунитеттен бас тарту құқығы ШЫҰ-ға мүше мемлекеттердің Ұлттық үйлестірушілер кеңесінің ұсынуы бойынша ШЫҰ-ға мүше мемлекеттердің Сыртқы істер министрлері кеңесіне тиесілі.

5. Хатшылықтың басқа лауазымды тұлғаларына қатысты иммунитеттен бас тарту

құқығы ШЫҰ-ға мүше мемлекеттердің Ұлттық үйлестірушілер кеңесінің келісімі бойынша Атқарушы хатшыға, ал Атқару комитетінің лауазымды тұлғаларына қатысты ААТҚ кеңесінің келісімі бойынша Директорға тиесілі.

6. Иммуниеттен бас тарту анық білдірілуі тиіс.

16-бап

Лауазымды тұлғаларға визаларды ресімдеу қызметпен айналысу үшін шақыру хат немесе іссапарлық нұсқама болған жағдайда жеделдетілген тәртіппен және ақысыз негізде жүргізіледі.

III. Ұйымның істері бойынша сарапшылардың іссапарларда болуы

17-бап

1. ШЫҰ-ның тапсырмаларын орындайтын сарапшылар (лауазымды тұлғаларға қарағанда өзге адамдар) іссапарларға байланысты жол жүруге кеткен уақытты қоса алғанда, іссапар мерзімі ішінде өздерінің функцияларын тәуелсіз түрде орындауы үшін қаншалықты қажет болса, соншалықты артықшылықтар мен иммуниеттерді пайдаланады. Атап айтқанда оларға:

- жеке басын тұтқындаудан немесе ұстаудан және олардың жеке қол жүгіне тыйым салудан иммуниет беріледі;

- қызметтік міндеттерін орындау кезінде олар барлық айтқандарына немесе жазғандарына және жасағандарына қатысты қылмыстық, азаматтық және әкімшілік жауапкершіліктен босатылады. Ұйым істері бойынша іссапары аяқталғаннан кейін де иммуниетке қатысы бар адамдар ретінде оларға аталған иммуниеттің берілуі жалғасады;

- барлық қағаздар мен құжаттарға қол сұғылмаушылық;

- Ұйыммен қатынас жасау үшін шифрларды пайдалану, қағаздарды немесе хат-хабарларды курьерлер немесе вализдер арқылы алу мен жөнелту құқығы;

- уақытша қызметтік іссапарларда жүрген шетелдік үкіметтер өкілдеріне қаншалықты берілсе, ақшаны немесе валютаны айырбастауды шектеуге қатысты соншалықты жеңілдіктер;

- дипломатиялық өкілдерге берілетіні сияқты олардың жеке қол жүгіне қатысты тап сондай иммуниеттер мен жеңілдіктер сақталады.

2. Сарапшыларға артықшылықтар мен иммуниеттер сарапшылардың жеке бас пайдасы үшін емес, ШЫҰ-ның мүдделері үшін беріледі.

3. ШЫҰ-ның тапсырмаларын орындап жүрген сарапшыларға қатысты

иммунитеттен бас тарту құқығы Ұлттық үйлестірушілер кеңесінің келісімі бойынша Атқарушы хатшыға және тиісінше ААТҚ Кеңесінің келісімі бойынша Директорға т и е с і л і .

4. Иммуниететтен бас тарту анық білдірілуі тиіс.

IV. Мүше мемлекеттер өкілдерінің артықшылықтары мен иммуниететтері

18-бап

1. Өздерінің қызметтік міндеттерін атқару кезінде және мүше мемлекеттерде ШЫҰ-ның ұйымдастыруымен өткізілетін іс-шаралар орнына жол жүру және кері қайту уақытысында мүше мемлекеттер өкілдеріне мынадай артықшылықтар мен иммуниететтер беріледі:

1) жеке басын тұтқындаудан немесе ұстаудан және жеке қол жүгіне тыйым салудан иммуниетет, сондай-ақ өкілдер ретінде олардың айтқандары немесе жазғандары және жасаған барлық іс-әрекеттері үшін қылмыстық, азаматтық және әкімшілік жауапкершіліктен босату;

2) барлық қағаздар мен құжаттарға қол сұғылмаушылық;

3) шифрларды пайдалану, қағаздарды немесе хат-хабарларды курьерлер мен вализдер арқылы алу мен жөнелту құқығы;

4) өздерінің қызметтік міндеттерін атқару үшін олар уақытша болатын немесе жол жүріп өтетін елде иммиграцияға қатысты шектеуден, шетелдіктерді тіркеуден немесе мемлекеттік міндеттіліктен олардың өздерін және олардың жұбайларын босату;

5) уақытша қызметтік іссапарларда жүрген шетелдік үкіметтер өкілдеріне берілетіні сияқты ақшаны немесе валютаны айырбастауды шектеуге қатысты соншалықты жеңілдіктер;

6) дипломатиялық өкілдерге берілетіні сияқты олардың жеке қол жүктеріне қатысты тап сондай иммуниететтер мен жеңілдіктер;

7) әкелетін тауарларына (олардың қол жүктерінің бір бөлігі құрайтындары емес) қатысты кедендік алымдардан немесе акциздік алымдардан немесе сатуға қатысты алымдардан босатуды талап ету құқығын есептемегенде дипломатиялық өкілдер пайдаланатыны сияқты, жоғарыда баяндалғандарға қайшы келмейтін басқа да артықшылықтар, иммуниететтер және жеңілдіктер.

2. Өздерінің қызметтік міндеттерін атқару кезінде толық сөз бостандығын және тәуелсіздікті қамтамасыз ету үшін Ұйымға мүше мемлекеттердің өкілдері олардың айтқандарына немесе жазғандарына қатысты, сондай-ақ қызметтік міндеттерін атқару кезінде олар жасаған барлық іс-әрекеттеріне қатысты қылмыстық, азаматтық және әкімшілік жауапкершіліктен босатылады. Мүше мемлекеттердің өкілдері болып

табылмайтын кезден кейін де иммунитетке қатысы бар адамдар ретінде, оларға аталған иммунитеттің берілуі жалғасады.

3. Салықтардың қандай да бір нысанын салу тұрған уақытысына байланысты болса, мүше мемлекеттер өкілдерінің өздерінің міндеттерін атқару үшін қандай да бір мүше мемлекеттегі кеңесте болу кезеңі тұрған мерзіміне есептелмейді.

4. Артықшылықтар мен иммунитеттер Ұйымға мүше мемлекеттердің өкілдеріне жекелеген адамдардың бас пайдасы үшін емес, ШЫҰ жұмысына байланысты олардың өз функцияларын тәуелсіз орындауын қамтамасыз ету үшін беріледі. Ұйымға мүше мемлекет оның пікірі бойынша иммунитет сот әділдігін атқаруға кедергі келтіреді деген әрбір жағдайда өз өкілінің иммунитетінен бас тартуға құқылы ғана емес, сонымен бірге міндетті де, бұл орайда бас тарту иммунитет берілген мақсат үшін нұқсан келтірілместен жүргізілуі мүмкін.

5. Осы баптың 1, 2 және 3-тармақтарының ережелері өкілдің және ол азаматтығында тұрған немесе өкілі болып табылатын немесе бұрын өкілі болған мемлекеттің өкімет орындары арасындағы өзара қарым-қатынасқа қолданылмайды.

V. Тұрақты өкілдер

19-бап

Мүше мемлекеттер өздерінің ішкі ережелеріне және рәсімдеріне сәйкес Хатшылық жанындағы өздерінің тұрақты өкілдерін тағайындайды, олар Хатшылық орналасқан мемлекеттегі мүше мемлекеттер елшіліктерінің дипломатиялық персоналының құрамына жататын болады. Тұрақты өкілдер өкілдік орналасқан мемлекеттегі дипломатиялық агент үшін көзделген көлемде артықшылықтар мен иммунитеттерді пайдаланады.

VI. Қорытынды ережелер

20-бап

Осы Конвенцияға сәйкес артықшылықтар мен иммунитеттерді пайдаланатын барлық адамдар өздерінің артықшылықтары мен иммунитеттеріне нұқсан келтірместен мүше мемлекеттердің заңнамаларын құрмет тұтуға және осы мемлекеттердің ішкі істеріне араласпауға міндетті.

21-бап

Осы Конвенцияның ережелерін қолдануға немесе түсіндіруге байланысты даулар мен келіспеушілік туындаған жағдайда, мүдделі Тараптар оларды консультациялар мен келіссөздер арқылы шешетін болады.

22-бап

Осы Конвенция осы Конвенцияның тақырыбы болып табылатын және оның мақсаттары мен объектісіне қайшы келмейтін мәселелер бойынша басқа да халықаралық шарттар жасасуда Тараптардың құқықтарын шектемейді, сондай-ақ өздері қатысушылары болып табылатын өзге де халықаралық шарттардан туындайтын Тараптардың құқықтары мен міндеттерін қозғамайды.

23-бап

1. Осы Конвенция белгіленбеген мерзімге жасалады.

2. Осы Конвенция оған қол қойған мемлекеттердің бекітуіне жатады және соңғы бекіту грамотасы депозитарийге сақтауға тапсырылған күннен бастап отызыншы күні күшіне енеді.

3. Осы Конвенцияны Тараптар оған қол қойған күнінен бастап уақытша қолданады.

24-бап

1. Осы Конвенция Хартияның 13-бабына сәйкес ШЫҰ-ның мүшелігіне кіргісі келетін кез келген мемлекеттің оған қосылуы үшін ашық.

2. Қосылатын мемлекет үшін осы Конвенция қосылуы туралы құжатты депозитарийге сақтауға тапсырған күннен бастап отызыншы күні күшіне енеді.

25-бап

Осы Конвенция әрбір мүше мемлекетке қатысты осы мүше мемлекет ШЫҰ-ның мүшесі болып қала беретін уақытқа дейін күшінде болады.

26-бап

Осы Конвенцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін, олар осы Конвенцияның ажырамас бөліктері болып табылатын жекелеген хаттамалармен ресімделеді. Өзгерістер мен толықтыруларды депозитарийге тиісті хабарлама жіберу арқылы кез келген Тарап ұсынуы мүмкін, депозитарий ұсынылған өзгерістер мен толықтыруларды басқа Тараптардың қарауына жолдайды.

Өзгерістер мен толықтырулар туралы хаттамалар Тараптардың өзара келісімі бойынша уақытша қолданылуы мүмкін және олар осы Конвенция үшін белгіленген тәртіппен күшіне енеді.

27-бап

Осы Конвенция Біріккен Ұлттар Ұйымы Жарғысының 102-бабына сәйкес Біріккен Ұлттар Ұйымының Хатшылығында тіркелуі тиіс.

Ташкент қаласында 2004 жылғы 17 маусымда орыс және қытай тілдерінде бір түпнұсқа дана болып жасалды және де екі мәтіннің күші бірдей.

Осы Конвенцияның депозитарийі Хатшылық болып табылады, ол Тараптарға оның куәландырылған көшірмесін жібереді.

Қазақстан Республикасы үшін

Қытай Халық Республикасы үшін

Қырғыз Республикасы үшін

Ресей Федерациясы үшін

Тәжікстан Республикасы үшін

Өзбекстан Республикасы үшін